



Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2025 ж.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыстар) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Жұмыстарды қабылдауға және орындалған Жұмыстарға төлем жүргізуге міндеттенеді.

1.2. Кеңияқ - Құмкөл магистральдық мұнай құбырының «Құмкөл» БМАС мұнай саны мен сапа көрсеткіштерін өлшеу жүйесінің жабдықтарын жаңғырту бойынша жобалау-іздістіру Жұмыстары Мердігер барлық міндеттемелерді орындаған, оның ішінде Тапсырыс берушіге Шартқа сәйкес барлық құжаттарды ұсынған және Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша жасалған орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне (бұдан әрі - Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі) қол қойған жағдайда толық көлемде орындалды деп танылады.

1.3. Мердігер өзінің тәуекелі есебінен Шартта келісілген барлық Жұмыстарды қолда бар күштермен, құралдармен, тетіктермен, сондай-ақ қажетті материалдармен, жабдықтармен және қосалқы бөлшектермен орындауға міндеттенеді.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Тәртібінде аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

2.3. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:

2.3.1. Тиісті түрде орындалған жұмыстарға ақы төлеуді Тапсырыс беруші Жұмыстарды орындау фактісі бойынша Тараптар Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне қол қойғаннан және Мердігер тиісті шот-фактураны ұсынғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Мердігердің есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты қолма-қол ақшасыз аудару арқылы жүргізеді.

2.4. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады;

2.4.2. Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі;




2.4.3. Шот-фактура;

2.4.4. Шарттың 4-бөлімі 4.1-тармағының 4.1.3-тармақшасына сәйкес өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі;

2.5. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісін (лерін) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (-лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.6. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш берумен/қол қоюмен байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

2.7. Егер Шарт жасалғаннан кейін Мердігер (Шарт жасалған күнгі Мердігердің мәртебесіне байланысты): - ҚҚС бойынша тіркеу есебіне





қойылса, онда осы бөлімнің 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасы Мердігерді тіркеу есебіне қойған күннен бастап қосылатын ҚҚС сомасы шегінде көбейтіледі; -ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығарылатын болса, онда Мердігер тіркеу есебінен шығарылған күннен бастап ҚҚС-сыз шот-фактураны/ларды жазып береді.

2.8. Шарттың жалпы сомасы, егер мұндай ұстап қалу Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген мөлшерлемелер бойынша көзделген болса, резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстарынан төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын қамтиды.

2.9. Шарт бойынша ақы төлеу осы бөлімнің 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасы шегінде орындалған және Тапсырыс беруші қабылдаған Жұмыстардың нақты көлемі үшін жүргізіледі.

3. Жұмыстарды орындау мерзімі және шарттары

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері, шарттары, көлемі және орны Шартқа №1 және №2 қосымшаларға, Мердігердің № 1093249 сатып алу жөніндегі тендерлік өтініміне және Тапсырыс берушінің № 1093249 сатып алу жөніндегі техникалық ерекшелігіне сәйкес айқындалады.

3.2. Жұмыстарды Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісімен көлемі мен сапасы бойынша қабылдайды. Тапсырыс берушінің Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне қол қойған күні жұмыстарды орындау/жұмыстарды өткізу бойынша айналым жасау күні болып есептеледі.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Мердігер міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстар актісімен бірге электрондық құжат нысанындағы Шарт аясында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елшілік құндылық есебін ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады);

4.1.3. Есепті тоқсаннан кейінгі айдың 2 (екінші) күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге өз тарапынан қол қойылған өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін шарт жасалған күннен бастап есепті күнге дейінгі кезең үшін, өзара есеп айырысулар толық аяқталғанға дейін ұсыну.

4.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.5. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен Жұмыстарды орындауға;

4.1.6. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;


4.1.7. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.8. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.9. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.10. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.11. Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімімен Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары түріндегі шарттың жалпы құнынан % 5.00 мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге; Бұл міндеттеме, егер ол Тәртіптің 43-бабы 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Мердігерге қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді





қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Мердігердің сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы ерекшелікті құрайды. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.12. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен мамандарды Жұмыстарды орындауға жіберуге;

4.1.13. Мердігер және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан асқан кезде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өзінің қызметінің және (немесе) мамандарының болуына;

4.1.14. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз қызметкерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды жүргізуге;

4.1.15. Өз жұмыскерлерін Жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге;

4.1.16. Жұмыстарды тиісті түрде орындау (оның ішінде қажетті құжаттарды ұсына отырып, талап етілетін сапада белгіленген мерзімде толық көлемде);

4.1.17. Есепті кезеңнен кейінгі айдың 2 (екінші) күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге өз тарапынан қол қойылған, Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін ұсынуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес және мерзімдерде шот-фактура жазып беруге міндетті. Мердігер орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актілерінің электрондық көшірмелерін Тапсырыс берушіге жүйе арқылы жібереді;

4.1.18. Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мердігердің шот-фактурасында көрсетілген қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызудың дұрыстығын растамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде Тапсырыс берушіге келтірілген барлық шығындарды толық көлемде өтеу;

4.1.19. Тапсырыс берушіге шот-фактураны электрондық нысанда жазып беру бойынша Қазақстан Республикасының салық заңнамасының мерзімін немесе талаптарын бұза отырып жазып берген жағдайда, салық органдары тарапынан негізделген талаптардың және осындай оқиғаны растайтын құжаттардың болуы фактісі бойынша Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде барлық келтірілген залалдарды толық көлемде өтеу;

4.1.20. Жұмыстарды Шартта, Жұмыстарды орындау кестесінде немесе Тараптармен келісілген өзге де аралық мерзімдерде орындауға және Жұмыстарды орындауды Шартта белгіленген мерзімде аяқтау;

4.1.21. Орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылық есебі бойынша берілетін ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру. Елішілік құндылық есебі бойынша жалған ақпарат берген жағдайда Мердігер Тәртіп пен Шартқа сәйкес жауапты болады;

4.1.22. Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Жұмыстарды орындау кестесін келісуге ұсыну. Жұмыстарды орындау кестесіне Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады;


4.1.23. Жұмыстарды өрт, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік талаптарын және Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін, сондай-ақ Шарт талаптарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары бекіткен халықаралық стандарттардың, ҚР СТ, МЕМСТ, ҚНЖЕ талаптарына сәйкес орындау;

4.1.24. Шартта, оның ішінде техникалық ерекшелікте, Шартқа басқа да қосымшаларда, Мердігердің Сатып алу жөніндегі № 1093249 тендерлік өтінімінде және Тапсырыс берушінің Сатып алу жөніндегі № 1093249 техникалық ерекшелігінде көзделген өзге де міндеттерді орындау және өзге де талаптарды сақтау;

4.1.25. Жұмыстарды орындау шеңберінде материалдарды/тауарларды, оның ішінде алыс-беріс материалдарын/тауарларды пайдаланған және жеткізген жағдайда Қазақстан Республикасында оларды өндіру жағдайында отандық материалдарды (тауарларды) пайдалану және сатып алуды жүзеге асыру;

4.1.26. Шартта есепке алынбаған, бірақ жұмыстарды толық көлемде аяқтау үшін қажетті жұмыстар анықталған жағдайда, мұндай жұмыстарды шарттың жалпы сомасын ұлғайтпай, өз қаражаты есебінен қолда бар күштермен орындау қажет. Кез келген жағдайда, мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс берушіден осындай қосымша жұмыстарды орындауға жұмсалған қаражатты өтеуді талап ету құқығына ие болмайды;

4.1.27. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде Шарт талаптарында көзделген және Жұмыс барысында ресімделген құжаттардың (есептер, фотосуреттер, бейнежазбалар және басқа материалдар) сақталуын қамтамасыз етуге;





4.1.28. Тендерлік өтінімнің бір бөлігі ретінде мәлімделген жабдыкпен, машиналармен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен Жұмысты жүзеге асыру;

4.1.29. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Жұмыстарды орындау процесін тоқтатпау;

4.1.30. Жұмыстарды орындауға қатысатын персоналдың қатысуымен ереуілдер, наразылықтар, локауттар және басқа да еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, мұндай жағдайларға байланысты кез келген мәселелерді шешу бойынша шараларға олардың ұйымының жоғарғы басшысының тікелей қатысуын қамтамасыз ету;

4.1.31. Персоналдың жұмысын еңбек жанжалдары туындаған кезеңде Жұмысты орындаудың толық тоқтатылуын болдырмайтындай етіп ұйымдастыру. Қажет болған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша персоналды немесе қосалқы мердігерлерді тартады;

4.1.32. Ереуілдер, наразылықтар, локауттар және басқа да еңбек жанжалдары бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу, Тапсырыс берушімен келісу және бекіту және жұмысты орындаудағы кідірістерді мүмкіндігінше болдырмау үшін персоналды осы жағдайларды шешу шараларына жедел үйрету;

4.1.33. Мердігердің өз күшімен шешілмейтін еңбек даулары туындаған жағдайда, осы әрекеттерді Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, дауды мүмкіндігінше тезірек шешу үшін өз қаражаты есебінен білікті медиаторларды немесе мамандарды тарту;

4.1.34. Ұжымдық еңбек дауы туындаған жағдайда, Тапсырыс берушіге қызметкерлер қойған ұжымдық талаптарға қатысты барлық қажетті ақпарат пен құжаттаманы (негізделген лауазымы, талаптарды қанағаттандыру мүмкін еместігін растайтын құжаттар және т.б.) ұсыну;

4.1.35. Тәртіпке сәйкес жоба алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамада индустриалды-инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету саласында уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің (болған кезде) деректер базасына енгізілген құрылыс материалдарын, бұйымдарды және конструкцияларды көрсетуге міндеттенеді.

4.2. Мердігердің:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (дерді) талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уактылы қабылдауды және орындалған жұмыстардың актісіне (леріне) қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең дәрежелі маманмен ауыстыруға;

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

4.2.7. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.8. Тапсырыс берушіден енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уактылы қайтаруды талап етуге құқылы.

4.2.9. Тапсырыс берушіден Шарттың 2-бөлімінің 2.3 және 2.4-тармақтарында көзделген талаптар сақталған жағдайда тиісті түрде орындалған Жұмыстарға ақы төлеуді талап ету.

4.2.10. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінімнің құрамында мәлімделген жабдықты, машиналарды (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді баламасымен ауыстырады.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;





4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ол енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Мердігерден ұсынылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға.

4.4.4. Мердігердің қызметіне кез келген уақытта араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Мердігерден есептелген айыппұлдардың сомасы ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талабын орындамаған жағдайда өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Тапсырыс берушінің Мердігердің елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

4.4.7. Шартта және оның қосымшаларында көрсетілген Жұмыстардың сапалы және уақтылы орындалуын, сондай-ақ орындалған Жұмыстардағы кемшіліктерді жоюды талап ету.

4.4.8. Шарттың 7-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдардың, өсімпұлдардың), сондай-ақ Мердігерге төленуге жататын сомалардан шығындардың сомаларын шегеру.

4.4.9. Мердігерге жазбаша хабарлау арқылы Жұмыстар көлемін азайту және (немесе) Мердігерден Шартта көзделген Жұмыстардың қандай да бір бөлігін орындауды талап ету. Бұл жағдайда Шартқа қосымша келісімге қол қою талап етілмейді, ал төлем Тапсырыс беруші іс жүзінде орындаған және қабылдаған Жұмыс көлемі үшін жүргізіледі, бұл ретте Тапсырыс беруші Мердігер шеккен залалдар үшін Мердігердің алдында жауапты болмайды.

4.4.10. Ескертулер болған жағдайда, оларды толық жойғанға дейін орындалған Жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қоюдан бас тарту.

4.4.11. Шарттың жалпы сомасынан елеулі асып кетуге жол бермеу шартымен, Жұмыс көлеміне кез келген өзгерістер енгізу.

4.4.12. Мердігерден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған залал мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімақы мен айыппұл сомасын өтеу бойынша төлемді талап ету.

4.4.13. Мердігерге Жұмыстарды бастау/қайта бастау немесе Жұмыстарды орындау кестесіндегі кемшіліктерді/артта қалуларды жою үшін ақылға қонымды мерзім тағайындау және Мердігер белгіленген мерзімде осы талапты орындамаған жағдайда Шарттан бас тарту не Жұмыстарды және/немесе Жұмыстардың бір бөлігін түзетуді және/немесе орындауды Мердігердің есебінен үшінші тұлғаға тапсыру. Бұл ретте Мердігердің шарт бойынша барлық міндеттемелері толық көлемде сақталады, ал Мердігердің Тапсырыс берушіге Тапсырыс берушінің Шарттан бас тартуынан не Жұмыстарды немесе Жұмыстардың бір бөлігін үшінші тұлғаларға беруден туындаған қандай да бір залалдарға қатысты талап қоюға құқығы жоқ.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жұмыстардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Мердігердің орындалған жұмыстарды тапсыруы және оларды Тапсырыс берушінің қабылдауы екі тарап қол қойған Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтердің) актісімен рәсімделеді. Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне Тапсырыс берушінің өкілдері бұрыштама қойған орындалған жұмыстар туралы есеп негізінде ғана, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда авторлық қадағалау және/немесе техникалық қадағалау өкілдері не көрсетілген тұлғалар бұрыштама қойған, Жұмыстарды орындау нәтижелерін растайтын/қамтитын өзге де құжат негізінде Тапсырыс беруші қол қояды. Тапсырыс берушінің





өкілдері деп Тапсырыс берушінің қызметкерлері түсініледі.

5.3. Орындалған Жұмыстардың тиісті емес көлемі мен сапасы (оның ішінде кепілдік беру кезеңі ішінде) мәселелері бойынша хабарламаны Тапсырыс беруші кемшіліктер, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес кемшіліктер (жасырын ақаулар) анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігерге жібереді. Егер Мердігер Тапсырыс берушінің хабарламасына 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай хабарлама Мердігер тарапынан танылды деп саналады және Мердігер өз тәуекелдері мен шығыстары есебінен хабарлама жіберілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде немесе Тараптар келіскен өзге де мерзімде хабарламада көрсетілген барлық ескертулер мен кемшіліктерді жоюға міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігерге Жұмыстардың тиісті емес көлемі және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Жұмыстар Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Мердігер Жұмыстарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес Жұмыстардың сапасына кепілдік береді. Мердігер Шарт бойынша орындалатын Жұмыстар Тапсырыс берушінің Жұмысты қалыпты пайдалануы кезінде конструкция, материал немесе жұмысқа байланысты ақаулар болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Орындалған Жұмыстардың сапасы Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын көрсетілген жұмыс түрі бойынша тиісті салалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік стандарттарға/талаптарға сәйкес келуі тиіс.

6.3. Мердігер орындалған Жұмыстар (көрсетілген қызметтер) түпкілікті актісіне қол қойылған күннен бастап 12 (он екі) айда белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардың сапасына кепілдік береді.

6.4. Егер кепілдік мерзімі ішінде орындалған Жұмыстарда (оның ішінде кепілдік мерзімі ішінде) кемшіліктер және (немесе) ақаулар немесе олардың Шарт талаптарына сәйкес келмейтіні анықталса, Мердігер Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде немесе Тараптармен келісілген өзге мерзімде өз есебінен кемшіліктерді және (немесе) ақауларды жоюға міндеттенеді. Жұмыстардағы жойылған кемшіліктер және (немесе) ақаулар үшін кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен басталады. Жұмыстардағы кемшіліктерді және (немесе) ақауларды жою жөніндегі барлық шығыстарды Мердігер көтереді.

6.5. Егер Жұмыстардағы ақауларды жою бойынша кідіріс Мердігердің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.6. Мердігер Шартқа Тараптар қол қойғаннан кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 5 % мөлшеріндегі сомаға Шарттың орындалуына банктік кепілдіктің түпнұсқасын ұсынады, ол Шартқа №4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша немесе Жүйеде қалыптастырылған электрондық банк кепілдігі түрінде _____ (сомасы жазбаша) теңгені құрайды. Шарттың орындалуының банктік кепілдігі Тараптар Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) түпкілікті актісіне қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, бірақ 2026 жылғы 31 қаңтардан кешікпейтін мерзімге дейін қолданылуы тиіс.

6.7. Шарттың талаптары өзгерген, Жұмыстарды орындау мерзімі өткен немесе өзге де қажеттілік туындаған жағдайда Мердігер Шарттың орындалуына банктік кепілдіктің қолданылу мерзімін Тапсырыс берушімен келісілген күнге дейін ұзартуға міндетті, бұл ретте Шарттың орындалуына банктік кепілдіктің қолданылу мерзімі Тараптар Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) түпкілікті актісіне қол қойғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте аяқталмауға тиіс.


6.8. Шартты орындаудың банктік кепілдігінің баламасы ретінде Мердігер Шартқа Тараптар қол қойғаннан кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде шарттың жалпы сомасынан 5 % мөлшерінде ақшалай қамтамасыз етуді Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына аударуға құқылы, ол _____ (сомасы жазбаша) теңгені құрайды.

6.9. Шарттың жалпы сомасы ұлғайған жағдайда, Мердігер 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге Шартты орындаудың жаңа банктік кепілдігін (немесе бұрын берілген банктік кепілдікке өзгертуді/толықтыруды) беруге немесе Шарттың орындалуының банктік кепілдігінің немесе ақшалай қамтамасыз етудің сомасы Шарттың жалпы сомасынан 5 % құрайтындай етіп Тапсырыс берушінің есептік шотына қосымша соманы аударуға міндеттенеді.

6.10. Осы бөлімде көзделген барлық банктік кепілдіктер шартсыз және қайтарып алынбайтын болуға тиіс. Шарттың осы бөлімінде көзделген банктік кепілдіктер беруге қолданылатын барлық банк алымдары тек Мердігердің есебінен ғана өтеледі. Бұл ретте Тапсырыс беруші банктік кепілдіктерді кепілгер банкпен осындай кепілдіктерді свифттік расталғаннан кейін ғана қабылдайды.

6.11. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе бұзған жағдайда Тапсырыс беруші банктік кепілдікті немесе ақшалай қамтамасыз етуді толық көлемде пайдалануға құқылы. Бұл ретте банктік кепілдікке немесе ақшалай қамтамасыз етуге өндіріп алуды қолдану Тапсырыс берушінің сөзсіз құқығы болып табылады және Мердігердің өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етудің немесе Шартта көзделген тұрақсыздық айыбын өндіріп алудың кез келген тәсілін алмастыру емес, толықтыру ретінде әрекет етеді.

6.12. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған немесе тиісінше кепілдік мерзімі өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге банктік кепілдікті немесе ақшалай қамтамасыз етуді қайтару туралы жазбаша сұрау салу жіберуге міндетті.





6.13. Егер Шартта көзделген банктік кепілдіктердің кез келгені өз қолданысын тоқтатса не Тапсырыс беруші тиісті банктік кепілдікті оның қолданылуы аяқталғанға дейін пайдалану мүмкіндігін жоғалтса, Мердігер Тапсырыс берушіге Тапсырыс берушіден хабарлама (талап) алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Шартта көзделген талаптармен жаңа банктік кепілдікті немесе ақшалай қамтамасыз етуді беруге міндеттенеді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігердің жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Бірыңғай әдістемеле белгіленген нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

7.2.2. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, егер еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау туралы келісімге қосымшада айыппұлдың басқа мөлшері көзделмесе, Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың жалпы құнынан 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алуға;

7.2.3. Мердігер Шартпен келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін негізсіз өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақытында орындалмаған Жұмыстардың құнынан 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шартты жалпы сомасының 10%-нан артық болмайтын өсімпұл төлеуге;

7.2.4. Мердігер Жұмыстар бойынша ескертулерді жою Шартпен келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Жұмыстар бойынша дер кезінде кемшіліктерді жою мерзімдері бұзылған Жұмыстардың құнынан 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шартты жалпы сомасының 10%-нан артық болмайтын өсімпұл төлеуге;

7.2.5. Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігер орындамаған, Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 10%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті;

7.2.6. Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігер Шарт бойынша міндеттемелердің кез келген бөлігін орындамаған, бас тартқан немесе орындай алмаған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттеме сомасынан 10%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті;

7.2.7. Мердігер Тапсырыс берушінің мүлкіне келтірілген залал үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық көлемде жауапты болады. Мердігердің кінәлі әрекеттері/әрекетсіздігі (оның ішінде өндірістік процесті жоспарланбаған уақытша тоқтатуға/тоқтатуға негіз болған) нәтижесінде Тапсырыс берушінің шығыстарына, нормативтен тыс шығарындылар мен төгінділер үшін төлемдерді, айыппұлдарды, өндірістік процесті бұзуға байланысты тікелей шығындарды қоса алғанда, штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде Мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтеу арқылы жауапты болады. Келтірілген залалды Тараптардың өкілдерінен және қажет болған жағдайда мүдделі/құзыретті үшінші тұлғалардан тұратын комиссия тиісті құжаттарды жинау және акт жасау арқылы бағалайды. Мердігер бағаланған келтірілген залалдың сомасын Тапсырыс берушіге тиісті акт жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей өтеуге міндетті;

7.2.8. Мердігер Шартты орындау барысында кез келген адамға немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соққан Қазақстан Республикасының заңнамасын, соның ішінде нормалар мен стандарттарды бұзу үшін толық жауапкершілікте болады және келтірілген зиянды толық өтеуге міндетті. , сондай-ақ Тапсырыс берушіні осындай тұлғалардың және уәкілетті органдардың Орындаушының бұзушылықтарынан туындаған кез келген талаптардан қорғау үшін;

7.2.9. Мердігер Шарттың 4-бөлімі 4.4-тармағының 4.4.9-тармақшасында көзделген жағдайларда, Жұмыстардың бір бөлігін орындамағаны үшін жауапты болмайды;

7.2.10. Егер Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың 4-бөлімі 4.1-тармағының 4.1.11-тармақшасында белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен бұзады және Мердігер енгізген тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады;

7.2.11. Жоба алдындағы және (немесе) жобалық (жобалау-сметалық) құжаттамада тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды жеткізушілердің дерекқорына енгізілген құрылыс материалдары, жабдықтар, бұйымдар мен конструкциялар (бар болса) негізсіз болмаған жағдайда), облыстағы индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган құрған Мердігер Орындаушы төлеуге тиіс сатып алу туралы шарттың жалпы құнының кемінде 10 % мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады. Тапсырыс беруші жұмыстың аяқталуы туралы түпкілікті сертификатқа қол





қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

7.2.12. Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша орындалмаған немесе орындалмаған Жұмыстың жалпы құнының 10% мөлшерінде айыппұлды (Жұмысты аяқтауды кешіктіру жағдайларын қоспағанда) төлеуге міндетті. Орындаушының осы Шарт бойынша міндеттемелерді (оның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді) орындамауының және (немесе) тиісінше орындамауының әрбір жағдайы бойынша тиісінше орындалмаған;

7.2.13. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлем жасаған және оны уақытында орындамаған немесе Мердігердің осы Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамаған және (немесе) Шартты бұзған (оның ішінде оны бұзу арқылы) жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіні бұл туралы хабардар етуге міндеттенеді. осы 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін және Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша өтініші бойынша алынған (жұмыстарды/қызметтерді қабылдау-тапсыру актілерімен расталмаған) қаражатты қайтаруға. тауарлар) сұрау салу жіберілген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін әрбір кешіктірілген күн үшін қайтарылатын соманың 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауы керек.

7.3. Мердігер осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Мердігердің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келісуге жауапты.

7.4. Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт күшіне енгенге дейін қандай да бір шығыстар шеккен жағдайда, оған талап қоюға құқылы емес.

7.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.5.1. Шарт бойынша төлемдер кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге уақытында орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.5.2. Мердігер ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.5.3. Тапсырыс беруші құжаттарды беруді кешіктірген жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Жұмыстарды орындау үшін Тапсырыс берушінің Мердігерге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Мердігер Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

7.5.4. Тапсырыс беруші Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында немесе Шарттан туындайтын үшінші тұлғаларға Мердігер (немесе оның қызметкерлері, өкілдері, консультанттары және т.б.) келтірген залал үшін жауапты болмайды.

7.5.5. Тапсырыс беруші Жұмысты қабылдауды кешіктірген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіден әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы. , бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауы керек.

7.5.6. Тапсырыс беруші Жұмыстың аяқталғаны туралы актісіне қол қояды кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктірілген соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ одан көп емес өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы. Шарттың жалпы сомасының 10%-нан астамы.

7.6. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.


7.7. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Мердігердің Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін оған аударылған және осы шығындарға байланысты туындаған айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.9. Тапсырыс берушінің тиісті түрде орындалған Жұмыстарға ақы төлеу жөніндегі міндеттемелері Мердігер Шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін, оның ішінде Мердігер Шарттың 2-бөлімінің 2.3 және 2.4-тармақтарында көзделген талаптарды орындаған кезде туындайды.

7.10. Шарттың осы бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеу бойынша міндеттемелер екінші Тараптан тиісті кінәрат-талап (талап) алынғаннан кейін бір тарапта туындайды.

7.11. Пайдасына тұрақсыздық айыбы төленген Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (айыппұлдан, өсімпұлдан) артық толық көлемде өтелуге тиіс.





8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібінде сәйкес енгізіледі.

8.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

8.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Мердігер өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда бұзуға құқылы.

8.3.3. Жұмыста негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.3.3.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда Тапсырыс берушінің Алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда);

8.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесінің атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарламаны жібереді. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Мердігер Шартты орындаудан байланысты, оны бұзатын күні іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар. Алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер Мердігердің шарт бойынша міндеттемелерді авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде бұзған жағдайларына қолданылмайды.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктіріусіз жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін, ал өзара есеп айырысу және Шарт бойынша қабылданған Орындаушының кепілдік міндеттемелері бойынша олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)





11.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар әскери іс-қимылдар, табиғи немесе дүлей зілзалалар, індет, карантин, эмбарго сияқты іс-қимылдарды, сондай-ақ осы мән-жайлар Тараптардың кез келгенінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеген жағдайда, мемлекеттік органдардың құқықтық актілер және/немесе өзге де шешімдер шығаруын қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс.

11.3. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты Шарт бойынша міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген жағдайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

11.4. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайлары, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған салдарлар әрекет еткен уақытқа мөлшерлес кейінге шегеріледі.

11.5. Егер Тараптардың міндеттемелерді толық немесе ішінара орындай алмауы 1 (бір) айдан асатын болса, онда Тараптардың Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуға құқығы бар.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

